

## "Қараой селолық округінің елді - мекендерінің көшелеріне атау беру туралы" 2011 жылғы 16 қыркүйектегі № 5 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Қараой ауылдық округінің әкімінің 2015 жылғы 16 шілдедегі № 11 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 18 тамызда № 4468 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 3 шілдедегі "Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына және Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әртүрлі заңнамалық актілердің құқық нормалары арасындағы қайшылықтарды, оқшылықтарды, коллизияларды және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін нормаларды жою мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Конституциялық Заңына сәйкес, Қараой ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қараой ауылдық округі әкімінің 2011 жылғы 16 қыркүйектегі № 5 "Қараой селолық округінің елді - мекендерінің көшелеріне атау беру туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-11-96 санымен тіркелген, 2011 жылғы 17 қарашада аудандық "Ойыл" газетінде жарияланған) шешіміне келесідей өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің мемлекеттік тіліндегі атауы мен бүкіл мәтіні бойынша " селолық" сөзі тиісінше "ауылдық" сөзімен ауыстырылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қараой ауылдық округінің әкімі*

*С. Жуманғалиев*